



ӘОЖ 913.1(4/5)

ҒТАХР 03.81.33

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2026.102(2).15

Артықбаев Ж.О.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

E-mail: socantropology@mail.ru

ӘЛ-ИСТАХРИ ЖӘНЕ ЕУАЗИЯ ОРТАЛЫҚ ӨҢІРІНІҢ ТАРИХИ – ГЕОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Аңдатпа. Қазақстан тарих ғылымының ортағасырлық деректануында араб географиялық әдебиетінің маңызы зор. Бұлардың арасында көшірме шығармалар көп болғанымен, Еуразия құрлығының орталық аймақтарына қатысты жалпылама деректері баршылық. X ғасырда жазылған әл-Истахридің «әл-Масалик уа-л-мамалик», яғни «Жолдар мен елдер» кітабы да деректану тұрғысынан бізге ортағасырлық мемлекеттер мен халықтар туралы салмақты мәліметтерді береді. Кітап мазмұнына байланысты біз мақаланың негізгі тақырыбын – «Теңіздер туралы», «Хорасан», «Мәуреннахр», «Түркістан», «Хазар теңізі және Маңғыстау», «Еділ бойы», «Балх туралы» деп бірнеше тараушаларға бөліп жүйеледік. «әл-Масалик уа-л-мамалик» қамтыған деректер ортағасырларда Қазақстан аумағында жүрген этносаяси үрдістердің аймақтық ерекшеліктерін және ортақ белгілерін көрсетуге мүмкіндік береді. Әл-Истахридің «әл-Масалик уа-л-мамалик» еңбегі мен ондағы карталар Орталық Азия, соның ішінде қазақ жерін мекендеген ортағасырлық халықтар туралы деректерді және тарихи топонимияны зерттеуде маңызды дереккөз болып табылады.

Кілт сөздер: ортағасырлық шығыс деректері; «әл-Масалик уа-л-мамалик»; әл-Истахри, ибн Хаукал еңбектері; араб саяхатшылары мен географтары; араб халифаты, Орта Азия, Маңғыстау; Еділ бойы, Түркістан.

Kіріспе

Орталық Азия мен Қазақстан тарихының деректануында ортағасырлық шығыс деректері өте маңызды қызмет атқарады. Бұл деректердің ішінде араб және иран тілді тарихи еңбектердің орны ерекше. Белгілі дәрежеде бұл деректер Орта Азия мен Қазақстан аймағын ғылыми зерттеу нәтижесінде пайда болды деу қиын, бірақ жақсы таныстық негізінде жинақталды деп айтуға болады. Қазақстан тарихнамасында ортағасырлық тарихты қайта жаңғырту бағытында Хордадбек, әл-Идриси, ибн Хаукал еңбектері мен карталары белсенді пайдаланылады. Мысалы, Ертіс бойында кемек (қимақ) қалаларын іздеген уақытта әл-Идриси жазбаларына жүгінеміз [1]. Біздің ойымызша қазақ жерінің ортағасырлық толық картасы (*карта*) әл-Идрисидің «Сурат әл-Ард» атласында. Оның «Нұзхат әл-мұштак фи-х-тирак әл әфақ» кітабы XI-XII ғасыр басында қазақ жерін мекен еткен қарлұқ, оғыз, кемек (қимақ), тоғызғоғыз (ұйғыр) халықтарының шаруашылығы, қалалары, қарым-қатынасы бойынша бірден бір дерек. Түркістан өңірінің тарихи карталары туралы ізденістегі зерттеушілер ибн Хаукалды көп пайдаланады, оның да деректері нақты [2]. Дегенмен де өкінішке орай бірталай дерек көздері жемісті пайданылды деп айта алмаймыз. Осы себептен біз Орта Азия мен Қазақстан аймағының түркі топонимдерінің тарихи-географиялық және лингвистикалық сипаттамасын жасау мақсатында әл-Истахридің атақты «әл-Масалик уа-л-мамалик», яғни «Жолдар мен елдер» кітабына шолу жасап көреміз.



Әбу Ысқақ Ибраһим ибн Мұхаммед әл-Фариси әл-Истахри – арабтың классикалық географиялық мектебінің өкілі. Өмір сүрген жылдары шамамен X ғасырдың ортасы. Оның 951 жылы (хижра бойынша 340 жылы) жазылды дейтін атақты «әл-Масалик уа-л-мамалик кітабы» (араб.: كتاب المسالك والممالك - Жолдар мен елдер кітабы) сол замандағы айтулы туынды.

Біріншіден, зерттеушілерді қызықтыратын мәселе, әл-Истахри еңбегінің Әбу Зейід әл-Балқының 920-шы жылдары жазылған «Сувар әл-акалим/ықылым-Ж.А./» еңбегімен өзара ұқсастығы. Зерттеушілердің пікірі бойынша әл-Истахридің «әл-Масалик уа-л-мамалик кітабы» өзіне дейін өмір сүрген Әбу Зейід әл-Балқының 920-шы жылдары жазылған «Сувар әл-акалим/ықылым-Ж.А./» кітабының редакцияланған, толықтырылған көшірмесі болса керек. Әрине, аты –жөні айтып тұрғандай Әбу Зейід әл-Балқы Орталық Азия аймағындағы ең ғажайып қалалардың бірі Балхтың тумасы. Қазақ шежіресі Әму дариясы бойына орналасқан, Хорасан өлкесінің орталығы болған бұл қаланы заманында Оғыз хан салғызып еді дейді [3, 221 б.]. Әбу Зейід жас кезінде Бағдатқа барып атақты әл-Киндиге шәкірт болғаны айтылады, яғни біздің әл-Фараби мектебінен ол да өткен, жалпы екеуі де бір заманның адамдары.

Екінші бір мәселе, Түркістан аймағының, Арқа даласының, Каспий бойының ортағасырлық араб карталарына түсу себептері. Біз ол заманның басты сипаты араб пассионарлығы деп айтсақ болады. Араб халифатында шаруашылық пен сауда, ғылым мен мәдениет өте жоғары деңгейде дамыды, өз кезегінде бұл даму Орталық Азия мен Шығыс Еуропа аймақтарына да оң әсер етті. Жоғарыда аталған Балх қаласында бұл уақытта 1 млн адам өмір сүрді делінеді, қазіргі уақытта қала тұрғындарының саны 100 мыңға да жетпейді. Батыс әдебиетінде VIII-XIII ғасырлар аралығын «Мұсылман ренессансы» деп атайтыны сол себепті [4].

әл-Истахри Иран жерінде Ғазнауидтер билігі кезінде Истахр қаласында туды. Ахеменидтер дәуірінде бұл қала Персеполь атымен белгілі. Тарихшылар «Персеполь жазуы» деген тарихи ескерткіштерді біледі. «Мұсылман ренессансы» кезеңінде ирнадықтар да, тұрандықтар да араб ғылымы мен тілінің ықпалында түсті, сол себепті әл-Истахри да алдымен ғылыми қауымға араб географы деген лақаппен танымал болды.

Ортағасырлық дерек көздеріне тән ерекшеліктерді бірі – жалпы араб географиялық еңбектеріне тән ортақ проблема – компиляция, яғни бірінен бірі көшіріп алу. Осы себептен әл-Истахридің сипаттамаларын өзге де араб саяхатшылары мен географтардың еңбектерімен салыстыра қарастыру аса маңызды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

әл-Истахридың тарихи мұрасы күрделі, бірақ оны зерттеудегі басты қиындық бұл еңбектің қазақ тіліне аударылмауы. Сол себепті әл-Истахри еңбектеріндегі Орта Азия мен Қазақстан аймағындағы түркілік топонимдерді анықтау және тарихи-географиялық және лингвистикалық сипаттамасын жасау орысша және өзбекше аудармалар негізінде жасалды. Өкінішке орай бұл аталған тілдерге де әл-Истахри еңбектері тұтастай аударылмаған. Біз негізінен «Материалы по истории киргизов и Киргизии» жинағындағы З.Н.Ворожейкина және «Материалы по истории туркмен и Туркмении» жинағындағы С.Л. Волин жасаған аудармаларды пайдаландық [5; 6].

Зерттеу барысында әл-Истахри еңбектеріндегі деректерге объективті баға беру үшін басқа да Шығыс деректері мен тарихи-географиялық сипаттамаларды пайдаландық;



Зерттеу жұмысына әл-Истахри жазбалары мен сол кезеңге жататын Зейід әл-Балқы, Хордадбех, ибн Хаукал т.б. еңбектерімен салыстыру үшін тарихи-салыстырмалы әдіс қолданылды;

әл-Истахри еңбектеріндегі Түркістанға, Арқа жеріне, Каспий теңізі (әл-Истахрида- Хазар теңізі) мен Еділ бойына қатысты түркілік топонимдерді анықтау барысында автор өзінің тарихи-этнографиялық экспедициялық зерттеулерін пайдаланды. Сонымен бірге біз әл-Истахри мәтіндерінің бір бөлегін қазақ тіліне алғаш аударып, мәтіндерге қажетті ғылыми тәпсірлер жасадық.

Зерттеу нәтижелері

Енді негізгі тақырыпқа, яғни әл-Истахридың еңбегіне және Түркістан және де басқа қазақ жерлеріне қатысты атауларға келейік.

әл-Истахри жер жүзін жиырма ықылымға бөледі. Ықылым сөзін батыста «климат» деп аударады. Ресей географиялық әдебиетінде, мысалы И.Ю.Крачковский бұл сөзді «географиялық область» деп түсіндіреді [7, 197 б.]. Менің ойымша бұл нақты аударма емес. «Ықылым» сөзінің мағынасын ашу үшін қазақ тіліндегі екі түрлі мағына беретін «ықылым» /ықылым заман, ықылым ел/ ұғымы аса маңызды. Қазіргі тілімізге аударсақ – ежелгі жерлер, бөгде елдер. Мұны түсіну үшін араб тілді ортада ортағасырлық кезеңде көптеп кездесетін «әл-Масалик уа-л-мамалик» аталған кітаптардың не себептен осылай атанғанын қарастыру керек. Мысалы, ибн Хордадбектің атақты географиялық еңбегі осылай аталады, әл-Мухаллаби, әл-Бакри еңбектері де осы атаумен белгілі, басқа да еңбектер жетерлік. Мұның басты себебі – арабтар, жалпы семит елдері, осы заманда әлемді жаңа танып жатты, Араб халифтары ғылымға қатты көңіл бөлді және ғылым іздеген саяхатшыларға жағдай жасайды. Сонымен бірге Батыс-Шығыс арасындағы сауда-саттық арабтың бақылауына көшті және қозғалысқа мүмкіндік жасады. Арабтың металл саудасымен айналысатын кәсіпкерлері тіпті біздің Орталық Қазақстанға мыс-жез сатып алуға келіп жүрді. Әрине, бұларға географиялық әдебиет өте керек еді, өз кезегінде бұл саудагерлер мен кәсіпкерлер өз көргендерімен ғалымдармен бөлісіп отырды. Шын мәнінде атақты географтардың ешқайсысы да қазақ жеріне келген жоқ. Мысалы әл-Идриси Испанияда (Гренада) туып, Сицилияда қайтыс болды, бірақ қазақ жеріндегі халықтар мен мәдениетті өз көзімен көргендей жазады. Осының бәрі жалпы сауда араластықтың, экономикалық және саяси қозғалыстардың арқасы.

әл-Истахридың кітабы 21 карта (*карита*) мен түсініктеме мәтіндерінен тұрады. Ол карталар мен түсініктер Солтүстік Африка (*Судан, Мысыр*), Сирия, Ирак, Иран, Хорасан, Мауреннахр т.б., аймақтарына арналған. Қазақ жеріне қатысты деректерді кітаптың Мәуреннахрға, Хазар теңізіне т.б. арналған бөлімдерінен кездестіреміз. Жалпы біздің байқауымызша бұл тарапта әл-Истахри мен ибн Хаукал мәтіндерінің арасында үлкен айырмашылық жоқ. Екеуі де Испиджаб-Сайрамға қатты көңіл бөлінеді, Тараз, Сауран, Фараб (*Бараб*) т.б. қалалық аймақтар сипатталады, хазар, оғыз, қарлұқ, кемек (қимақ), қырғыз халықтары туралы мағлұматтар бар. Біз әл-Истахри шығармасынан жер-су атауларына қатысты бірнеше үзіндіні тиісті түсініктемелермен береміз:

I. Теңіздер туралы

«Син патшалығы туралы айтатын болсақ, оның бір шеті мен екінші шеті үш не төрт айлық жол... . Шығанақтың шетінен ислам уаләйаты болып табылатын Мәуреннахрға дейін үш айлық жол... Егер Тибет (Туббет) арқылы, одан қимақтың (кемек) ар жағына орналасқан тоғызғыз бен қырғыз арқылы теңізге дейін жүрсең төрт



айлық жол. Син патшалығында әр түрлі тілдер бар. Ал енді барлық түрік халықтары туралы айтсақ, тоғызғыз, қырғыз, кемек (қимақ), оғыз (гуз) және хазладжардың тілі бір тіл, барлығы бірін бірі түсінеді. Егер Син мен Туббет туралы айтсақ олардың тілі бір, өзге тілдерден бөлек. Син елінің орталығын Хумдан атайды, Ұрымды Кунстантинийа (атауымен) байланыстырған, ислам елдерін Багдадпен, ал Үндістан елін Каннуджбен байланыстырған сияқты.

Түркі жерлерінің әрқайсысы жеке дара. Мысалы, оғыз жерлері туралы айтатын болсақ, оның шекарасы хазар, кемек (қимақ), хазладж бен бұлғар жерлерінің және мұсылман елдерінің шекарасы Журжаннан (Гурган-Ж.А.) бастап Фараб (Бараб, Отырар -Ж.А.) пен Испиджабқа дайінгі жердің ортасында. Егер кемек (қимақ) елінен әрі өтетін болсақ, хазладж жерлері басталады, яғни солтүстік жағынан. Олар (кемек-қимақ) оғыздар мен қырғыздар арасында орналасқан және сақлабтардың (славян-Ж.А.) артына қарай. Одан әрі сақлаб пен кемек (қимақ) жерлерін кесіп өтсең солтүстікке қарай Йаджудж (қаз: Йаджуж-Мәджуж елі-Ж.А.), ол жерлердің көлемі, халқының саны Бір Құдайға ғана аян» [5, 16 б.].

II. Хорасан

«Гур таулары Хорасан аймағында басталады және Бамиан шекарасына Банджхираға дейін, одан әрі Ваххан және Мауреннахрға келгенде еі айрылады, одан әрі түріктердің ішкі жерлеріне, яғни Илақ пен Шашқа және қырғыздарға дейін созылған. Бұл тауларда бастан аяқ алтын және күміс кен орындары бар, ал олардың ең жақсылары қырғыз шекарасына (бұл жерде Алтай таулары?-Ж.А.) қарай /Мауреннахрдың Шаш және Ферғана жағында» [5, 17 б.].

Жалпы әл-Истахри шығармасында Хорасан өлкесі жақсы сипатталаған, ол бір жағынан түсінікті, бұл аймақ түрік және иран (парсы) шекаралық аймағы. Қазақ тіліндегі «*Қорасанға қой айту*» фразеологиялық тіркесі ғылыми талдауды қажет етеді. Екіншіден, Мұхаммед Шайбани ханның Исмаил шаһпен (XVI ғ. басы) Хорасан үшін күресіне қазақ хандарының қатысуы да бұл контексте өте қызық дерек болып табылады.

Еңбектегі алтын және күміс кен орындарына байланысты мәліметтер өзге де ғылыми еңбектермен салыстыра зерттеуді қажет етеді, мүмкін бұл жерде Орталық Қазақстан мен Алтай таулары аймағындағы кен орындары айтылуы әбден мүмкін.

III. Мауреннахр

әл-Истахри кітабының «Мауреннахр» бөлімі ибн Хаукалдың осы аттас бөлімімен 100 пайыз сәйкес деуге болады, сол себепті кейбір тақырыпшаларын кейін салыстыра отырып қарастырамыз:

«Жемістердің көптігі сонша Соғды, Усрушана (бұл жерде- Самарқанд- Семіз кент, Афрасияб аймағы-Ж.А.), Ферғана мен Шашта /бұл жақтың тұрғындары/ өзінің жүк таситын малдарына береді. Түркістаннан келген құлдарды алдымен Мауреннахрға алып келеді, одан әрі басқа елдерге барады. Басқа әлемде түріктен келген құлдарға жететіні жоқ» [5, 26 б.].

Бұдан әрі Усрушана өңірінің, сол жердегі қалалардың ұзақ сипаттамасы бар. Бір мысал келтірейік: «Усрушананың басты қаласы Бунджикет, ал аудандарының атаулары –Арсаникет, Куркет, Газак, Вагкет, Сабат, Замин, Дизак, Нуджикет, Харакана» [5, 27 б.]. Бұл атаулар иран-араб тілдерінің ықпалымен жазылғанымен түпкі мағыналарын түсінуге және қазіргі топонимиялық нысандармен салыстыруға болады.

«Дизак (Жизак-Ж.А.) – Фенган ауданының басты қаласы, жазықта орналасқан, үлкен жолдарында керуен-сарайлар мен рабаттар бар».



IV. Түркістан

«Түркістан аумағындағы уәләйаттардың ішінде Шаштан үлкені жоқ, онда толып жатқан кең көлемдегі құрылыстар бар, әр аулада ағып жатқан су және бау-бақша. Бүкіл құрылыс балшықтан. Бұл уәләйаттың басты қаласы Бинкет. Ал басқа қалалар былайша аталады: Денфанкет, Джинанджкет, Неджакет, Бенакет, Харашкет, Ашбингу, Арделанкет, Худейнкет, Кенкерак, Келеджик, Гардженд, Ганнадж, Джебузан, Вердук, Кеберна, Гандранек, Нуджекет, Газак, Анудкет, Багункет, Беркуш, Хатункет, Джигукет, Фаранкет, Кедак, Некалик. Бұлардың бәрі Шаш қалалары» [5, 28 б.].

«Шаш пен Илақ. Бұл екі аймақтың көлемі – бір жағы екі күндік, екінші жағы үш күндік жол. Бүкіл Мәуреннахрда осы аймақтардан халқы тығыз және құрылысы көп аймақ жоқ.

Бұл аумақтың шекарасы бір жағынан Шаш өзенінің Хорезм теңізіне құярына дейін, екінші жағынан Сабиджаб шекарасындағы темір кен орындарына дейін, тағы бір шекарасы Шаш аймағына жақын тауларға дейін, тағы бір шеті христиан Вингерда (?) жеріне дейін созылған. Бұл жердің барлығы да жазық жер болып табылады» [5, 27 б.].

әл-Истахридың Шаш деп отырғаны қазіргі Ташкент қаласы, ал Илақ Әнгрен-Шыршық өзендері арасындағы аймақ. Әл-Истахри Илақтың бас қаласы Тункет дейді «уәләйатында Сакакет, Банджехаш, Нуккет, Балайан, Арбилах, Немудлиг, Туккет, Хумрек, Бискет, Кух-м Сам, Дахкет, Хаш, Харджанкет». Бұл тізімдегі соңғы атау қазіргі уақытта Қаржан тау атауы – ороним есебінде сақталғаны өте қызықты.

«Испиджаб (дерек көзінде – Сапиджаб, қазіргі Сайрам-Ж.А.) Түнкенттің (Әнгрен бойындағы ірі қалалардың бірі-Ж.А.) үштен біріндей қала. Онда кухендиз (орда-Ж.А.) және рабад бар. Кухендиз қираған, ал шахристан мен рабад абаттандырылған. Қаланың сыртқы -бөлігі (бір шеті мен екінші шетіне дейін) шамамен бір фарсанг (7-8 км-Ж.А.). Рабадтың ортасымен арықпен су ағады, бақтар мен бустандар бар...Сапиджаб уәләйатының қалаларының атаулары: Бадхекет, Субаникет, Тараз, Атлах, Шельджи, Кедер, Сюткенд, Шавагар, Сабран, Васидж... Субаникет Кенджиде уәләйатының басты қаласы болып табылады. Кедер – Фарабтың басты қаласы. Васидж, ол да Фарабтың қалаларының бірі (бұл жерде ибн Халдунның аудармашылары «Бараб» деп аударғанын ескерту керек, біздің ойымызша осы нұсқа дұрыс. Бараб Сырдария мен Қаратау аралығындағы орманды дала алқабы-Ж.А.). Сабран (Сауран-Ж.А.) – бұл қалаға бейбітшілік уақытта оғыздар келіп сауда жүргізеді, бұл қалада соғыс болмаған себепті өте бай».

әл-Истахри еңбегінде бұдан әрі Сүткент, Тараз, Ходжент қалаларының сипаттамалары орын алған. «әл-Масалик уа-л-мамалик кітабы» бойынша: «Ферғанадан, Усрушаннан және басқа уәләйаттардан Шаш дариясымен бұл жаққа кемелермен дән (дәнді дақылдар -Ж.А.) келеді. Бұл дария өте үлкен. Оның бастауы Түркістанда, Өзкентпен шекараға жақын жерде. Хурсаб, Урест, Куба, Джидгиль және тағы басқа өзендер қосылған уақытта өте күшті дария пайда болады. Ол Ахсикетке бағыт алады, одан өтіп Ходжентке жетеді және одан әрі Бенакет, Сүткенд және Барабаға барады. Ал енді бұл ағын су Сабран шекарасына жеткен уақытта, оның екі жағалауы да оғыз қоныстарына айналады» [5, 30 б.].

әл-Истахри еңбегінің әр тұсында оғыз елі туралы деректер кездесіп қалады. Бұл кезеңде қазақ даласының оңтүстік, батыс бөлігінде оғыз тайпалары көп екені басқа да деректерде аталады. «Бұл ғұздардың көпшілігі мұсылман дінінде. Олардың астана қаласы Ғұз. Қысты күні оғыз падишахы, ал ол оғыздарда бар, осы қалада қыстайды...» [5, 30 б.]. «Ғұз» қаласын бүгінгі күні Түркістан алқабындағы қалалардың қайсы бірімен



шендестіру қиын, бұл жерде Қаратаудың күнгей жағындағы Хан тағы аталып отыруы мүмкін.

Оғыздарға қатысты деректер әл-Истахри еңбегінің «Материалы по истории туркмен и Туркмении» жинағына енген үзінділерінде де кездеседі:

«Оғыз елінің мекені – хазарлар мен кемек (кимак), және қарлұқ пен бұлғар елдерінің ортасында, бір жағынан Джурджан, Фараб (Бараб, Параб) және Исбиджаб сияқты мұсылман елдерінің шекарасы» [6, 168 б.].

Бұдан әрі кітапта Джурджан, Астарабад қалалары туралы айтылады. Бұл жерде ортағасырлық Астрабадтың қазіргі Иран аумағындағы Гурган қаласы екенін ескерткен жөн. Каспий (Хазар) теңізінің оңтүстік жағасындағы бұл қала дамыған эконоимкасымен және саудасымен белгілі. әл-Истахри «Астарбадта жібек көп өндіріледі. Оларда теңіз жағасында айлақ (порт) бар, ол жерден хазарларға, Баб-ал-Абвабқа қарай жолға шығады» деп жазады [6, 169 б.]. Баб-ал-Абваб – егер қазіргі тілге аударсақ қақпалардың қақпасы деген мағына береді, бүгінгі күні бұл қала Дербент аталады. «Бұл аумақта Каспий жағасында Абаскуннен атақты айлақ (порт) жоқ» дейді әл-Истахри. Олардың шекаралық аймақта Дихистан аталатын бекініс-рабаты бар, онда мешіт бар. Бұл бекініс оғыз-түріктерге қарсы (салынған). Джурджан шөл даламен шекарада, ол (шөл) Хорезмге жапсарлас, ол жақтан оларға түріктер келіп тұрады.

V. Хазар теңізі және Маңғыстау

Әл-Истахри Хазар (Каспий) теңізіне көп көңіл бөледі (сур. 1). Зерттеуші Хазар теңізінің әлемдегі басқа теңіздермен байланысы жоқтығын, оның бір нүктесінен бастап теңізді жағалаған адам сол нүктеге қайта келетінін жазады. Автордың Хазар теңізіне жақсы көңіл бөлетін себебі оның ортағасырлық сауда қарым-қатынастарындағы орны. Хазар теңізіне арналған сипаттамаларда Еділ өзені де аталады: «Хазар теңізінің шығыс жағалауына Дейлема, Табаристан, Джурджан жапсарлас және Джурджан мен Хорезм арасындағы шөл дала келіп килігеді; батыс жағында – Арран (қазіргі Әзірбайжан аумағы-Ж.А.) және ас-Сарир мемлекетінің шекарасы; Хазар елі және Оғыз (түпнұсқада-Ғұз) шөінің бір бөлігі, солтүстігінде – Сиякух жағына қарай оғыздар мекендеген шөл, ал оңтүстігінде – ал-Джилль және Дейлен». Бұл жерде біз үшін маңыздысы Сиякух болмақ, себебі бұл атаудан біз Маңғыстаудың Қаратауын аңғарамыз.



1-сурет – Әл-Истахри – Каспий (Хазар) теңізінің картасы



«Бұл теңіздің адамға беретін пайдасы балық қана, өзге теңіздердегідей асыл тастар, інжу, маржан өндірілмейді. Бұл теңізбен мұсылман елдерінің көпестері Хазар еліне, одан әрі Арран, ал-Джль, Табаристан, Джурджан арасындағы жерлерге барады. Бұл теңізде Парсы (Парсы шығанағы-Ж.А.) және Ұрым (Жерорта теңізі-Ж.А.) теңіздеріндегідей адамдар мекендеген, жері өңделген аралдар жоқ, тек қана қамыс өскен, суы мен ағашы бар, бірақ адамдары жоқ аралдар бар. Осылардың ішінде Сиякух аралы үлкен арал, онда су көздері бар, қамыс-шөп өскен және жабайы аңдар мекендейді» [6, 170 б.]. Бұл жерде автор «Сиякух» деп Маңғыстау түбегін айтып отыр деп ойлаймыз, бірақ әлі де анықтайтын мәселелер бар. Себебі келесі үзіндіде әл-Истахри бұл аралда адамдар мекендейтінін жазады: «Сиякухтан басқа аралдарда адам мекендейді дегенді біле қоймадым, онда түрік тайпасы тіршілік жасайды, олар ол жерге (Сиякух-Ж.А.) оғыздармен болған жанжалдан кейін, жақында қоныстанды және өздеріне қонысқа ыңғайлап, жайылым қылып алды, ол жерде олардың мал жаятын жерлері мен су көздері бар».

VI. Еділ бойы

«Ал енді Еділ өзені туралы айтсақ, ол қырғыз шекарасынан басталады да одан кемек (қимақ) жерінен өтіп, одан оғыз жеріне келеді де, одан әрі батысқа қарай бұрылып бұлғарларға қарай ағады, одан шығысқа қарай қайта келіп, бұлғарлардан өтіп, бұртастардың аймағында Хазар теңізіне құяды» [5, 16 б.].

«Сыртқы Бұлғар – шағын қала, оның толып жатқан махаллалары жоқ; басқа елдерге айлақ қызметін атқарады, сонымен танымал». Бұл жерде Сыртқы Бұлғар деп әл-Истахри Еділ Бұлғарларының орталық қаласын айтып отыр. Әдетте географиялық әдебиетте Ішкі Бұлғар деп Дунай бойындағы Бұлғарияны айтатынын ескеру керек.

«Рус – бұлғар жақтағы халық, дұрысы бұлғар мен сақлаба (славян-Ж.А.) арасын мекендейді. Осы жақтан түріктің бір халқы өз жерінен көшіп хазарлар мен Византия арасына орналасты; оларды бажанақ (печенег-Ж.А.) атайды, оларда бұрын жер бетінде өздеріне меншік қоныс жоқ еді, жаңа жерді (Византия мен хазар арасын-Ж.А.) жаулап алып, орнықты»

Бұл жерде әл-Истахри бажанақ (печенег) халқының мадиярлармен (венгр) болған жаугершілік себепті IX ғасырда Шығыс және Оңтүстік – Шығыс Еуропаға көшкенін айтып отыр.

«Хазар туралы айтатын болсақ, бұл атау алдымен халыққа тиесілі, ал енді олардың қалаларына келетін болсақ, астанасы Еділ (түпнұсқада «Итиль»-Ж.А.) аталады. Қала арқылы Хазар теңізіне ағатын өзен де осы атаумен аталады (яғни Итиль-Еділ-Ж.А.)».

Еділ қаласы Еуразия тарихының жұмбақтарының бірі, кезінде бұл қаланы М.И.Артомонов іздеп таба алмады. Әл-Истахри мен ибн Хаукал жазбаларына сүйеніп ол «...город Итиль ...находился примерно в 120 км выше Астрахани, приблизительно в районе Енотаевска-Селитряного, где известны развалины первой татарской столицы Сарая-Бату, но где до сих пор не обнаружено никаких следов Итиля. Так как следов Итиля не обнаружено, также нигде в другом месте, наше заключение имеет определенную ценность как первое обоснованное указание на возможное местоположение этого города» дейді [8, 527 б.]. Бұл қаланы Л.Н.Гумилев те іздеген, бірақ таба алмаған соң, қаланың орнын Еділ өзені шайып кеткен шығар деп іздеуді тоқтатқан.

«Астана қаланың ішкі құрылыстары да жақсы емес, қазына байлығы да жоқ. Олар (хазарлар-Ж.А.) Хазар теңізі мен Сарир (Дағыстан аймағындағы шағын



патшалық-Ж.А.), рус және оғыздар арасында мекендейді... Ол жақтан келетін бал мен балауызды... олар өз кезегінде рустар мен бұлғарлардан алады, сонымен бірге құндыз терісін де сол жақтан алып әлемге таратады. Өздерінің білетін жерлері мен өзендері бұлғар жағы, рустар мен Куйабы (Киев қаласы-Ж.А.) ғана» [9, 220-222 б.].

VII. Балх туралы

әл-Истахри еңбегінде Мәуреннахрға көп көңіл бөлінгенін, сипаттамалары нақты екенін жаздық. Балх туралы әл-Истахри «жазықта орналасқан қала, ең жақын тау қаладан шамамен 4 фарсах қашықтықта, ол тау – Қу тауы деп аталады» дейді. Қу тауы дегенде біздің есімізге Орталық Қазақстандағы Қу, Қу Қазылық тауы түседі. Балхтың бірнеше қақпасы бар- Наубехер, Рахаб, ал-Хадид (темір қақпа), ал – Хиндуван (үнділіктер қақпасы), ал-Яхуд (яхудилер қақпасы), Шастабат қақпасы және Яхья (Жақия).

Талқылау

әл-Истахридің «әл-Масалик уа-л-мамалик» шығармасы қалың оқырман мен ғылыми қауым арасында жаңа танылып жатыр. Бұл мәселені осы жақында ғана әл-Истахри картасындағы «Қарлұқия» жазуына қатысты ақпарат көздері мен әлеуметтік желілерде жүргізілген пікірталас көрсете алады. «Қарлұқия» жазуын «Қазақия» деп оқу қате екенін осы жолдардың авторы да «әл-Масалик уа-л-мамалик» шығармасының мәтіндеріне сүйене отырып жазды. Жалпы қарлұқ елінің саяси тарихы мен орналасу географиясы қазақстандық зерттеуші С.М.Сыздықовтың «Қарлық-Қарахан мемлекеті» аталатын монографиясында толық қарастырылған [10, 90-109 б.].

"әл-Масалик уа-л-мамалик кітабы" компиляциялық еңбек болғанымен ибн Хаукалмен, Хордабекпен салыстыра зерттеу барысында тарихи топонимияға байланысты нақты деректерді көбірек беретіні байқалады.

Қорытынды

әл-Истахридың "әл-Масалик уа-л-мамалик кітабы" (араб.: كتاب المسالك والممالك - Жолдар мен елдер кітабы) еңбегі Орталық Азияның Түркістан, Арқа аймағы мен Каспий теңізі аралығының ортағасырлық тарихын мүмкіндігі келгенше қайта жаңғырту үшін керек дерек көздерінің бірі. Кітаптан қазақ жерін мекендеген халықтар (оғыз, қарлұқ, кемек (қимақ), бажанақ (печенег) т.б. туралы маңызды мағлұматтар алуға болады. Кітапта Енесай қырғыздары мен олардың өзге түрік халықтарымен қарым-қатынасы аталып қалады. Хазар теңізі туралы жазған тұсында бұлғар, хазар, рус т.б. аталады, бірақ өкінішке орай олар туралы дерек те шағын ғана. Кітапта Мәуреннахар, оған жапсарлас Хорасан, Хорезм толығырақ сипатталған, ол аймақтар туралы әңгіме бөлек. әл-Истахридың "әл-Масалик уа-л-мамалик кітабы" мен оның жасаған карталары тарихи топонимия бағытында жұмыс істейтін ғалымдар үшін пайдалы деген пікірге келдік.

Алғыс

Жұмыс ҚР ҒЖБМ 2024-2026 жылдарға арналған бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру шеңберінде ВР24993043 – «Қытай және өзге де Шығыс елдері дереккөздеріндегі көне түркі топонимдері – қазіргі түркі интеграциясының түп негіздерінің бірі: тарихи-этимологиялық, лингвистикалық көрініс» жобасы аясында дайындалды.

ӘДЕБИЕТ

[1] Артықбаев Ж. әл-Идриси (XII ғ.) картасы және оны тәпсірлеу мәселесі // Мәдени мұра. – 2025. – №4 (111). – Б. 48-70.



[2] Ибн Ҳавқал. Китоб сурат ал-ард. Моваруннахр / Араб тилидан тарж., изоҳлар муаллифи Ш.С.Камолитдин, масъул муҳаррир Ф.С.Хасанов. – Тошкент: Ўзбекистон Миллий Энциклопедияси, 2011. – 400 с.

[3] Халид Қ. Тауарих хамса шарҳи. – Алматы, 1992. – 304 б.

[4] Mez A. The renaissance of Islam: History, Culture and Society in the 10th Century Muslim World. – I.B.Tauris, 2024. – 544 p.

[5] Материалы по истории киргизов и Киргизии. Вып. 1. / отв. ред. В.А. Ромодин. – М.: Наука, 1973. – 230 с.

[6] Материалы по истории туркмен и Туркмении: VII-XV вв.: арабские и персидские источники. Том 1. / под ред. С.Л. Волина, А.А. Ромаскевича, А.Я. Якубовского. – М.-Л.: АН СССР, 1939. – 315 с.

[7] Крачковский И.Ю. Арабская географическая литература // Избранные сочинения: Т. 4. – М., -Л., 1957. – 625 с.

[8] Артамонов М.И. История Хазар. – СПб., 2001. – 688 с.

[9] Калинина Т.М. Проблемы истории Хазарии (по данным восточных источников). – М., 2015. – 302 с.

[10] Сыздықов С.М. Қарлық-Қарахан мемлекеті: саяси тарихы және мәдени мұралары. – Астана, 2014. – 320 б.

[11] Қазақстанның ортағасырлық тарихына қатысты араб дереккөздері / Мәтіндерді қазақшаға аударып, ғылыми түсініктерін жазғандар: З. Ильясова, Е. Ораз. – Алматы: «Қаламгер», 2016. – 248 б.

REFERENCES

[1] Artyqbaev, J. (2025). *äl-İdrisi (XII ғ.) kartasy және ony täpsırleu мәselesı* [The Map of al-İdrisi (XII century) and the Problem of Its Interpretation]. *Mädeni mūra – Cultural heritage*, 4 (111), 48-70 [in Kazakh].

[2] Ibn Hawqal, M. *Kitob surat al-ard. Movarunnahr* [The Book of the Image of the Earth. *Mawarannahr*]. Sh.S. Kamoliddin (Commentary), F.S.Hasanov (Ed.). (2011). Toşkent: Ўzbekiston Milli Ensiklopediasi [in Uzbek].

[3] Khalid, Q. (1992). *Tauarih hamsa şarhi* [Tawarikh Khamsa Sharhi]. Almaty [in Kazakh].

[4] Mez, A. (2024). *The renaissance of Islam: History, Culture and Society in the 10th Century Muslim World*. I.B.Tauris [in English].

[5] Romodin, V.A. (Eds.). (1973). *Materialy po istorii kirgizov i Kirgizii. Vyp. 1.* [Materials on the History of the Kyrgyz and Kyrgyzstan. Iss. 1]. Moscow: Nauka [in Russian].

[6] Volin, S.L., Romaskevich, A.A. & Yakubovsky, A.Ya. (Eds.). (1939). *Materialy po istorii turkmen i Turkmenii: VII-XV vv.: arabskie i persidskie istochniki. Tom 1.* [Materials on the History of the Turkmens and Turkmenia: 7th–15th centuries: Arabic and Persian Sources. Vol. 1]. Moscow–Leningrad: AN SSSR [in Russian].

[7] Krachkovsky I.Yu. (1957). *Arabskaya geograficheskaya literature* [Arabic Geographical Literature]. *Izbrannye sochineniya – Selected Works*. (Vol.4). Moscow–Leningrad [in Russian].

[8] Artamonov, M.I. (2001). *Istoriya Khazar* [History of the Khazar]. SPb [in Russian].

[9] Kalinina, T.M. (2015). *Problemy istorii Khazarii (po dannym vostochnykh istochnikov)* [Problems of the History of Khazaria (Based on Data from Eastern Sources)]. Moscow [in Russian].



[10] Syzdykov, S.M. (2014). *Qarlyq-Qarahan memleketi: saiasi tarihy jäne мәдени мұралары [The Karluk–Karakhanid State: Political History and Cultural Heritage]*. Astana, 2014 [in Kazakh].

[11] *Qazaqstannyñ ortağasyrlyq tarihyna qatysty arab derekközderi [Arabic Sources on the Medieval History of Kazakhstan]*. (2016). (Z. İläsova, E. Oraz, Trans., commentary). Almaty: «Qalamger» [in Kazakh].

Артыкбаев Ж.О.

АЛЬ-ИСТАХРИ И ИСТОРИКО-ГЕОГРАФИЧЕСКОЕ ОПИСАНИЕ ЦЕНТРАЛЬНОЙ ЧАСТИ ЕВРАЗИИ

Аннотация. Арабская географическая литература имеет важное значение для средневекового источниковедения Казахстанской исторической науки. Несмотря на наличие многочисленных компиляций она содержит немало общих исторических данных. Труд аль-Истахри «ал-Масалик уа-л-мамалик», то есть «Дороги и страны» составленный в X веке с источниковедческой позиции предоставляет нам добротные сведения о средневековых государствах и народах. Исходя из содержания книги основную тему мы разбили на несколько подтем – «О морях», «Хорасан», «Мавереннахр», «Туркестан», «Хазарское море и Мангыстау», «Поволжье», «О Балхе». Охваченные в «ал-Масалик уа-л-мамалик» данные позволяют нам выявлять региональные особенности и общие черты этнополитических процессов на территории Казахстана. Труд аль-Истахри «Китаб ал-масалик ва-л-мамалик» и его картографические материалы служат важным источником для исследования исторической топонимии и этнического состава населения Центральной Азии, включая территорию Казахстана, в средневековую эпоху.

Ключевые слова: средневековые восточные сведения; «ал-Масалик уа-л-мамалик»; труды ибн Хаукал, аль-Истахри; арабские путешественники и географы; Арабский халифат; Средняя Азия; Мангистау; Поволжье, Туркестан

Artykbaev Zhambyl

AL-ISTAKHRI AND THE HISTORICAL-GEOGRAPHICAL DESCRIPTION OF THE CENTRAL PART OF EURASIA

Annotation. Arabic geographical literature is of significant importance for medieval source studies in Kazakhstani historical scholarship. Although many of these works are copies, they nonetheless contain abundant general data about the central regions of the Eurasian continent. Al-Istakhri's "al-Masalik wa-l-Mamalik", that is, "Roads and Kingdoms", written in the 10th century, also provides us with substantial information on medieval states and peoples from a source study perspective. Regarding the book's content, we have divided the main topic of the article into several subsections - "About the Seas", "Khorasan", "Mawarannahr (Transoxiana)", "Turkestan", "The Khazar Sea and Mangystau", "The Khazar Sea and Mangystau", "The Caspian Sea and Mangistau", "The Volga Region", "About Balkh". The data contained in "al-Masalik wal-mamalik" allow us to show the regional characteristics and common features of ethnopolitical processes that took place in the territory of Kazakhstan in the Middle Ages. The work of al-Istakhri, Kitab al-Masalik wa-l-Mamalik, and its cartographic materials constitute an important source for the study of historical toponymy and the ethnic composition of the population of Central Asia, including the territory of present-day Kazakhstan, in the medieval period.

Keywords: medieval oriental information; "al-Masalik wa-l-mamalik"; works of Ibn Hawqal, al-Istakhri; Arab travelers and geographers; the Arab Caliphate; Central Asia; Mangistau; Volga region; Turkestan.